

**К.С. КАЗБЕКОВА, Ш.С. ЕРНАЗАРОВА, А.А. САРИЕВА**  
 Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік Университеті,  
 Шымкент медицина институты, Шымкент қаласы

### ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДЕ ГИПЕРТЕНЗИЯЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРДЫҢ КЕЗДЕСУ ЖИЛІГІ

Шымкент қаласында жүкті әйелдер арасында гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігін анықтау мақсатында 1100 жүкті әйелдің медициналық құжаттарына ретроспективті талдау жасалынды. Зерттеу барысында анықталғаны: гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігі әйелдің жасына, босану санына, әлеуметтік жағдайына байланысты әртүрлі болды.

**Түйінді сөздер:** жүкті әйелдер, гипертензиялық бұзылыстар, преэклампсия

Жүкті әйелдердегі гипертензиялық бұзылыстар бүгінгі таңда медицина саласындағы өзекті мәселелердің ішінде ерекше орын алады. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау (ДДС) ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын дүние жүзінде шамамен 50 000 ана гипертензиялық бұзылыстардың асқынуларынан көз жұмады [1]. Жүкті әйелдерде гипертензиялық бұзылыстың болуы эклампсия, қанның шашыранды ұю синдромы, тромбоцитопения, жедел өкпе ісінуі, қалыпты орналасқан плацентаның уақытынан бұрын ажырауы, ми-қан айналым бұзылысы, торлы қабаттың ажырау қаупін жоғарылатады [2, 3].

ДДС ұйымының мәліметтері бойынша жүкті әйелдерде 4 – 8% гипертензиялық бұзылыстар кездеседі және ана өлімінің 20-30%-ы гипертензиялық бұзылыстар үлесіне тиеді [4, 5].

**Зерттеу мақсаты.** Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы аймағы бойынша жүкті әйелдер арасында гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігін анықтап, гипертензиялық бұзылыстардың жиілігін әйелдің жасына, босану санына, әлеуметтік жағдайына байланысты талдау.

#### **Материалдар және зерттеу әдістері.**

Жүкті әйелдер арасында гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігін анықтау мақсатында қарапайым кездейсоқ іріктеу әдісін қолдана отырып бір мезеттік көлденең зерттеу жүргізу жоспарланды. Зерттеу үшін 2014 жылы Шымкент қаласындағы №2 облыстық перинаталдық орталықта босанған 1100 жүкті әйелдің медициналық құжаттары алынды. Зерттеу барысында анамнез, антропометриялық параметрлер, зиянды әдеттері, босану саны, босану түрі, экстрагениталді патология (түрі, дәрежесі, асқынулары), гипертензиялық бұзылыстар, жүктілік асқынуларына талдау жасалынды. Гипертензиялық бұзылыстар түріне байланысты төмендегі көрсеткіштер бойынша жіктелді (АХЖ-10):

1. Гестациялық гипертензия - жүктіліктің 20-ші аптасынан кейін пайда болатын, босанғаннан кейін 6 апта ішінде артериялық қысым (АҚ) қалыпты көрсеткішке келеді.
2. Созылмалы артериялық гипертензия - жүктілікке дейін болған немесе осы жүктіліктің 20-ші аптасына дейінгі мерзімде анықталған, босанғаннан кейін де сақталған гипертензия.
3. Преэклампсия (ПЭ) - жүктіліктің 20 аптасынан кейін пайда болатын гипертензия, протеинурия және ісіну қосылады, босанғаннан кейін кері даму жүреді.
4. Эклампсия – преэклампсия көрінісі негізінде клонусты-тонусты құрысулар дамиды.

Преэклампсияға байланысты артериялық қысым (АҚ) деңгейі, ісіну, тәуліктік протеинурия мөлшері анықталып, ауырлық дәрежесі төмендегі көрсеткіштерді бағалай отырып қойылды:

1. Ауырлығы орташа дәрежелі преэклампсия:
  - АҚ 140/90 мм.с.б.б. немесе одан жоғары, бірақ 160/110 мм.с.б. нан төмен;
  - бет пен қолдың ісінуі,
  - тәуліктік протнурия 0,3-5,0 г/тәулігіне.
2. Ауыр дәрежелі преэклампсия:
  - АҚ 160/110 мм.с.б.б. немесе одан жоғары,
  - ісіну,
  - тәуліктік протеинурия 5,0 граммнан жоғары.

Іріктеу WinPerі бағдарламасы арқылы 95% аралық сеніммен алынды. Статистикалық талдаулар «Microsoft Office Excel 2007» бағдарламасы арқылы жасалынды.

#### **Зерттеу нәтижелері.**

Жинақталған мәліметтерге сүйене отырып жүкті әйелдер жасына, босану санына, босану түріне, әлеуметтік жағдайына, экстрагениталді патология түріне, дәрежесіне байланысты жіктеліп, төмендегі кесте толтырылды.

Кесте 1 - Зерттеуге алынған жүкті әйелдерге сипаттама

Шамалар	N	%
Жалпы	1100	100
Жасы		
15-19	44	4
20-29	770	70
30-39	257	23,4
40≤	29	2,6
Әлеуметтік жағдайы		
Әлеуметтік жағдайы төмен әйелдер	144	13
Әлеуметтік жағдайы орташа әйелдер		

	956	87
Босану саны		
Алғаш босанғандар	377	34,3
Босану саны 2-3	531	48,3
Босану саны 4≤	192	17,4
Босану түрі		
Табиғи жолмен	982	89,3
Кесар тілігі арқылы	118	10,7
Босану аптасы		
Уақытынан бұрын босанған	136	12,4
Уақытылы босанған	964	87,6
Экстрагениталді патология (ЭГП) бар	717	65,2

Зерттеуіміз барысында анықталғаны, жүкті әйелдердің басым бөлігін 20-29 жас аралығындағы әйелдер құрады (70%), босану санына байланысты айтар болсақ, қайта босанушы (босану саны 2-3) әйелдер жиі болды (48,3%), көпшілік әйелдер табиғи жолмен босанған (89,3%), әлеуметтік жағдайы орташа әйелдер басым болды (87%).




Диаграмма 1 - Жүкті әйелдерде кездескен жалпы экстрагениталді аурулар

Жүкті әйелдерде жалпы экстрагениталді аурулар 65,2% кездесіп, оның ішінде гипертензиялық бұзылыстар кездесу жиілігі бойынша үшінші орында болды (анемия және пиелонефриттен кейін).




Диаграмма 2 - Гипертензиялық бұзылыстардың әртүрлі жаста кездесу жиілігі

Жалпы гипертензиялық бұзылыстар және оның ішінде преэклампсия 16-19 жас арасында жиі кездесті (гипертензиялық бұзылыстар-20,5%, преэклампсия-18,2%) . Созылмалы артериялық гипертензия ең жиі 40 жастан асқан аналарда кездесе (6,9%), гестациялық гипертензия 30-39 жас арасында жиі байқалды (9,3%).




Диаграмма 3 - Гипертензиялық бұзылыстардың босану санына байланысты кездесу жиілігі

Әйелдің босану санына байланысты гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігін салыстырмалы түрде талдасақ, алғаш босанған әйелдерде преэклампсия жиі кездесті (13,3%), көп балалы аналарда созылмалы артериялық гипертензия (2,1%) және гестациялық гипертензия (8,3%) жиі болды.

Кесте 2 - Әлеуметтік жағдайға байланысты гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігі

Әлеуметтік жағдайы	Жалпы экстрагени талді аурулар	Гипертензиялық бұзылыстар	Преэклампсия
Әлеуметтік жағдайы орташа	55,6	11,5	5,8
Әлеуметтік жағдайы төмен әйелдер	74,8	21,5	13,2

Әлеуметтік жағдайы төмен әйелдерде әлеуметтік жағдайы орташа әйелдер мен салыстырғанда гипертензиялық бұзылыстар екі есе жиі болып (21,5%), көбінесе преэклампсия түрінде өтті-13,2%.

#### Зерттеу нәтижелерін талқылау.

1. Жүкті әйелдердің орташа жасы  $26,4 \pm 5,27$  құрады.
2. Жүкті әйелдер арасында жалпы экстрагенитальді патологиялар 65,2% анықталып, оның ішінде 13,3%-ын гипертензиялық бұзылыстар құрады. Гипертензиялық бұзылыстары бар әйелдердің 73%-ында қосымша экстрагенитальді патологиялар болды, басым бөлігінде анемия-51,4%, пиелонефрит-26,9%, семіздік-13,4%, аяқ веналарының варикозды кеңеюі-7,7%. Анамнезінде семіздік бар жүкті әйелдерде гипертензиялық бұзылыстар ауыр дәрежеде өтті және асқынулар жиі дамыды.
3. Гипертензиялық бұзылыстардың кездесу жиілігінің талдау нәтижесі: 16-19 жас аралығындағы әйелдердің ішінде жиі байқалып (20,5%), көбінесе преэклампсия түрінде өтті (18,2%). Жүкті әйелдің жасы ұлғайған сайын созылмалы артериялық гипертензияның кездесуі жиілеп, ең көп 40 жастан асқан әйелдерде кездесті (6,9%). Акушерлік анамнезге байланысты айтар болсақ, гипертензиялық бұзылыстар алғаш босанушылар мен көп балалы аналар арасында (босану саны  $4 \leq$ ) кездесуі жоғары болды, босану саны 2-3 аналар мен салыстырғанда (алғаш босанған әйелдерде – 18%, босану саны 2-3 әйелдерде – 8,3%, көп балалы аналарда – 15,6%). Преэклампсия алғаш босанушы әйелдерде қайта босанушы әйелдермен салыстырғанда үш есе жиі кездесті.
4. Әлеуметтік жағдайға байланысты айтар болсақ, гипертензиялық бұзылыстар әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларда жиі кездесетіндігі анықталды (21,7%).
5. Преэклампсияның жеңіл түрінде 18,2% жағдайда симптомдар үштігі кездесті (артериялық гипертензия (АГ), протеинурия, ісіну), 45,4% жағдайда АГ+протеинурия кездесті, ал 36,4% жағдайда АГ+ісіну байқалды. Преэклампсияның ауыр түрінде 83,3% жағдайда симптомдар үштігі (АГ, протеинурия, ісіну) тіркелді, ал 16,7% жағдайда АГ+протеинурия кездесті.
6. Анамнезінде гипертензиялық бұзылыс бар жүкті әйелдердің 19,2%-ында асқынулар болды (уақытынан бұрын босану-12,3%, босанудан кейін қан кету-2,5%, қалыпты орналасқан плацентаның уақытынан бұрын ажырауы-1,4%, босану ағымының әлсіздігі-2,4% және т.б.).

#### Қорытынды.

Гипертензиялық бұзылыстардың кездесуі әйелдің жасы, босану саны, әлеуметтік жағдайына байланысты әр категорияда әр түрлі болып, алғаш босанушы жас аналарда және әлеуметтік жағдайы төмен әйелдерде жиі кездесті.

Қосымша экстрагениталді патологиясы бар әйелдерде гипертензиялық бұзылыстар ауыр түрде өтті және асқынулар жиі дамыды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Верткин А.Л., Ткачева О.Н., Мурашко Л.Е. и др. Артериальная гипертензия беременных: диагностика, тактика ведения и подходы к лечению // Лечащий врач. – 2006. – № 3. – С. 25-28.
- 2 Манухин И.Б., Маркова Е.В., Маркова Л.И., Стрюк Р.И. Комбинированная низкодозовая антигипертензивная терапия у беременных с артериальной гипертензией и гестозом // Кардиология. – 2012. – № 1. – С.32–38.
- 3 Clivaz Mariotti L., Saudan P. et al. Hypertension in pregnancy // Rev. Med. Suisse. – 2007. – Vol. 3(124). – P. 2015–2016.
- 4 Преображенский Д.В., Вышинская И.Д. Медикаментозное лечение артериальной гипертензии при беременности // CONSILIUM MEDICUM UKRAINA. – 2010. - №6.- С.9-12.
- 5 Айламазян Э.К., Мозговая Е.В. Гестоз: теория и практика. – М.: МЕДпресс-информ, 2008.- С. 7-9.

**К.С. КАЗБЕКОВА, Ш.С. ЕРНАЗАРОВА, А.А. САРИЕВА**  
*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави,  
Шымкентский медицинский институт*

#### **РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ ГИПЕРТЕНЗИОННОГО РАСТРОЙСТВА СРЕДИ БЕРЕМЕННЫХ ЖЕНЩИН В ГОРОДЕ ШЫМКЕНТ**

**Резюме:** с целью определения распространенности гипертензионного расстройства среди беременных женщин города Шымкента (Южно-Казахстанский область) анализировались медицинские карты 1100 беременных женщин. По данным нашего исследования, выявлено, что распространенность гипертензионного расстройства зависит от возраста, частоты родов, и социального статуса.

**Ключевые слова:** беременные женщины, гипертензионные расстройства, преэклампсия.

**K.S. KAZBEKOVA, SH.S. ERNAZAROVA, A.A. SARIYEVA**  
*International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi,  
Shymkent Medical Institute*

#### **THE PREVALENCE OF HYPERTENSIVE DISORDERS IN PREGNANT WOMEN IN THE CITY OF SHYMKENT**

**Resume:** In order to determine the prevalence of hypertensive disorders among pregnant women in the city of Shymkent in 1100 analyzed the medical records of pregnant women. According to our research, we found that the prevalence of hypertensive disorders was different depending on the age, parity, and social status.

**Keywords:** pregnant women, hypertensive disorders, preeclampsia.